

**Сабақтың тақырыбы:**

**Қайталау.**

**Білімді тиянақтау.**

(92 бет)



## **САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:**

**Білімділік:** Есепті әр түрлі тәсілмен шығару, кестелік қосу және азайтуды тиянақтау; амалдардың орындалу ретін анықтауға машықтандыру.

**Дамытушылық:** Есепті әр түрлі тәсілмен шығарып, шешулерін салыстыру, қосудың ауыстырымдылық және терімділік қасиеттері әр түрлі өрнектерді және олардың мәндерін салыстыру дағдыларын, ауызша және жазбаша есептеу дағдыларын дамыту.

**Тәрбиелік:** Балаларды білімділікке, адамгершілікке, жолдастық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

**Сабақтың типі:** Оқу материалын бекіту сабағы.

**Әдіс-тәсілдері:** Түсіндіру, сұрақ-жауап, көрнекілік көрсету арқылы түсіндіру, жарыс.

**Көрнекілік:** Геометриялық фигуралар, шаршы суреті, таратпа материалдар, ертегілер кейіпкерлері. Қосудың қасиеттері кестесі.

# **ЖОСПАР:**

- I. Ұйымдастыру кезеңі**
- II. Үй тапсырмасымен тексеру**
- III. Жаңа сабақ**
- IV. Жаңа сабақты бекіту**
- V. Қорытындылау, бағалау**
- VI. Үйге тапсырма**



## САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

- Ұйымдастыру кезеңі:** а) Сәлемдесу , оқушыларды түгендеу.  
ә) Сабаққа әзірлігін тексеру, оқу құралдарын дайындау.  
Психологиялық дайындық.

Армысың асыл күн!  
Армысың асыл жер  
Армысың көк аспан  
Армысың жан досым  
Жылуыма жылу қос міне менің қолым!






Бір, екі, үш  
Отырамыз тып - тыныш  
Жалқаулықты тастаймыз  
Сабақты біз бастаймыз.



- Балалар бұл қандай ертегі? «Бауырсақ»  
- Балалар ертегі қалай басталатын еді.....  
Ендеше бауырсаққа аюдан қашып кетуіне  
көмектесейік.  
Аюдың тапсырмасы: «Санды тап» ойыны.





- Мен бір сан ойладым, егер одан 20 - ны азайтсақ, нәтижесі 50 болады. Мен қандай сан ойладым?

- Мен бір сан ойладым, егер одан 10 - ды азайтсақ, нәтижесі 2 болады. Мен қандай сан ойладым?

- Мен бір сан ойладым, егер одан 40 - ты азайтсақ, нәтижесі 20 болады. Мен қандай сан ойладым?

- Мен бір сан ойладым, егер одан 8 - ді азайтсақ, нәтижесі 2 болады. Мен қандай сан ойладым?





## ЖАҢА САБАҚ.

-Жақсы балалар сендер бұл тапсырманы тамаша орындап шықтыңдар.  
(Қоян шығады)

- Балалар ертегіде қоян бауырсақты жеймін дейді.

Егер біз қоянның тапсырмасын орындасақ ,бауырсаққа көмектесеміз.

Қоян тапсырмасы:



# 1 - тапсырма

Есепті әр түрлі тәсілмен  
шығару

Барлығы – 32 оқушы.

Келді – 10 қыз және 20 ұл бала

Келмегені - ? оқушы.


I-тәсіл.  $32 - (10 + 20) = 2$  (о)

II-тәсіл.  $(32 - 10) - 20 = 2$  (о)

III-тәсіл.  $(32 - 20) - 10 = 2$  (о) –

келмегені

**Ж: 2 оқушы келмей қалды.**



(Тақтаға келесі бауырсақтың алдынан қасқыр шығады.)

Қасқыр тапсырмасы:

2 - тапсырма Есепті әр түрлі тәсілмен шығару

Барлығы – 16 оқ.

Қобыз – 2 оқ.

Сырнайда – 4 оқ.

Қалғаны домбыра - ? оқушы

I-тәсіл.  $16-(2+4)=10$  (о)

II-тәсіл.  $(16-2)-4=10$  (о)

III-тәсіл.  $(16-4)-2=10$  (о) – домбыра

**Ж: 10 оқушы домбыра тартты.**

- Жарайсыңдар сендер бұл тапсырманы да мүлтіксіз орындадыңдар.

# СЕРГІТУ СӘТІ




Құсқа ұқсап бәріміз,  
Қане, қанат жаяйық.

Құс сияқты қалықтап,  
Ұшып-ұшып алайық!

- Балалар бұл ертегідегі түлкі бауырсақты алдап соқты.
- Ендеше бауырсаққа көмектесеміз бе?

Түлкі тапсырмасы: «Кім жылдам» ойыны





### 3 - тапсырма. Теңдіктер тура болатындай етіп жақшаларды қою.

$$13+6-2=17$$

$$19-9+2=12$$

$$17-2+3=12$$

$$17-2+3=18$$

$$16-2+2=12$$



$$15-1+1=13$$

- жақсы сендерге бауырсақ шексіз ризашылығын білдіреді.

Бауырсақ сендерге алма ағашы сыйлады. Бұл жай алма ағашы емес екен, мұнда алмаларды жинап отырып екі таңбалы сандардың құрамын табу керек.

# 5- тапсырма

Екі таңбалы сандардың құрамын пысықтау.

 <p>15 → 7 ? 9       ? 6 ?</p>	 <p>14 → 7 ? 9       ? 6 ?</p>
--	---



6 - тапсырма

$$9+5=14 \quad \square - 5 = \square$$

$$19+5=24 \quad \square - 5 = \square$$

$$29+5=34 \quad \square - 5 = \square$$





# Сабақты қорыту: Біз не білдік? Талқылау



**Шығармашылық тапсырма**

**Ойлан, тап:**

**Азамат «3», Ержан «4», Токтар «5» деген бағалар алды.**

**Үйге тапсырма: 4 –тапсырма.  
93 бет.**



# КӨҢІЛ БӨЛГЕНДЕРІҢІЗГЕ РАХМЕТ

